ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖЕР УЧАСКЕСІМЕН БІРГЕ
САТУ – САТЫП АЛУ ШАРТЫ

Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Құрық ауылы
Екі мың жиырма бесінші жылдың тамыз айының он үші күні

Төмендегі қол қоюшылар: аз. **ЗИНУЛЛА ЛАУРА БЕРДІҒАЛИҚЫЗЫ**, 06.09.1995 жылы Маңғыстау облысында туылған, ЖСН 950906451291, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 20 шағын аудан, 12 үйдің 1 корпус, № 63 пәтер тұрғыны, бұдан әрі «**САТУШЫ**» деп аталатын, бір жағынан және аз. «**Қарақия аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі**» мемлекеттік мекемесі, БСН 030440004567, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Досан батыр көшесі, № 3 ғимаратта орналасқан, оның атынан Қарақия ауданы әкімдігінің 11.04.2025 жылғы № 7 санды өкіміне сәйкес, осы бөлімнің басшысы аз. ОТЕСОВ ЕРЖАН ЖЕКСЕНБАЙУЛЫ, 17.07.1996 жылы Маңғыстау облысында туылған, ЖСН 960717351468, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Мәмедова көшесі, № 8 үй тұрғыны, әрекет етеді, бұдан әрі «**САТЫП АЛУШЫ**» деп аталатын, екінші жағынан, төмендегідей шарт жасасты:

1. «Сатушы» **сатты**, ал «Сатып алушы» төмендегі жылжымайтын мүлікті **сатып алды:**

Жалпы алаңы: **88,5**ш.м., оның ішінде, тұрғын алаңы: **47,8**ш.м. болып белгіленген үш тұрғын бөлмеден, кіре берістен, санитарлық тораптан, қазандықтан, дәлізден және ас бөлмеден тұратын Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай а.о., **Жетібай ауылы, Аэропорт шағын ауданы, № 606 (алты жүз алты) мекен-жәйы бойынша орналасқан тұрғын үйді**, ол орналасқан жалпы алаңы: 0,05га тұрғын үйдің құрылысын салу үшін арналған № 13-197-004-923 кадастрлы бөлінбейтін жер учаскесімен және тұрғын үйге іргелес (Литер бойынша): қақпа – 4,0кума.м., дуалымен – 75,3кума.м., бірге қоса алғанда.

2. Иеліктен алынатын жылжымайтын мүлік «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ» Маңғыстау облысы бойынша филиалының Қарақия аудандық бөлімінде 11.07.2025 жылы тіркелген Ақтау қаласының нотариусы М.Т.Демесиновамен 11.07.2025 жылы куәландырылып, тізілімге 739 санымен енгізілген Сату-сатып алу шартының негізінде «Сатушы»-ның жеке меншік құқығында болған және оны «Сатушы» «Сатып алушы»-ға **17 136 000 (он жеті миллион бір жүз отыз алты мың) теңгеге** сатты. Көрсетілген ақшаны «Сатып алушы» 31.07.2025 жылғы «Тұрғын үй-жайды мемлекеттік сатып алу жөнінде қорытынды туралы» № 15119824-ЗЖ1 санды хаттамасына сәйкес, «Сатушы» - аз. **ЗИНУЛЛА ЛАУРА БЕРДІҒАЛИҚЫЗЫна,** оның «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамындағы №KZ886010002043047856 санды банктік шотына аудару арқылы төлейді.

3. «Сатушы»-ның «Сатып алушы»-дан осы шарттың 2 тармағында көрсетілген акшаны толығымен алғандығы, соңғысына нотариалды түрде куәландырылып берген арызының негізінде расталады.

4. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы 13.08.2025 жылғы анықтамасына сәйкес, осы шарттың 1 тармағында көрсетілген жылжымайтын мүлік «Сатушы»-ның атына меншік құқығымен тіркелген, техникалық сипаттамалары құқық белгілеуші құжаттарға сәйкес келеді, құқықтар мен ауыртпалықтардың туындамауына әкеліп соқтыратын ауыртпалықтар, заңды талаптар мен мәмілелер тіркелмеген.

5. «Сатушы» «Сатып алушы»-ға осы шарттың 1 тармағында көрсетілген жылжымайтын мүлікті тапсыруы, осы шартқа қол қойғаннан кейін, салықтары, коммуналдық және пайдалану қызметтерінің төлемдері бойынша берешексіз, тұруға жарамды жағдайда және санитарлық, техникалық талаптарға сәйкес келетін, сондай-ақ, үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан босатылған түрінде жүзеге асырылуы қажет.

6. «Сатып алушы»-ның айтуы бойынша, осы шарттың 1 тармағында көрсетілген жылжымайтын мүліктің техникалық жағдайымен және техникалық сипаттамаларымен «Сатып алушы» таныс.

7. «Сатушы» осы шарттың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті меншігіне алған кезде ешкіммен заңды тіркелген некеде тұрмаған.

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

8. Осы шарттың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлік осы кезге дейін сатылған жоқ, кепілге қойылған емес, дауда және тұтқында (тыйым салуларда) тұрған жоқ, соттық дауламайға қатысты емес.

9. Осы шартқа қол қойылғанға дейін «Сатып алушы» көрсетілген мүлікті қарап шыққандығын мойындады және осы көрсетілген мүлікке «Сатып алушы»-ның шартқа қол қою кезінде қоятын талаптары жоқ.

10. «Сатушы» «Сатып алушы»-ға осы шартты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ» Маңғыстау облысы бойынша филиалының Қарақия бөлімінде тіркелуіне және «Сатып алушы»-ның меншік құқығының туындауына келісімін береді.

11. Осы шартқа оның негізгі мән-мағынасына қатысты тараптар арасындағы келісулердің барлық көлемі енгізілген, сол себепті осы шарт жасалынғанға дейін қабылдануы мүмкін және тараптар ұсынған жазбаша немесе ауызша формадағы барлық басқа міндеттемелердің күші жойылады және жарамсыз деп есептелінеді.

12. Тараптарға жасалынған нотариаттық іс-әрекеттің мәні, мағынасы және құқықтық салдары мен «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының 18 бабының, ҚР АК-нің 188 бабының 1 тармағы, «Неке (елі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 34 бабының, ҚР АК-нің (ерекше бөлім) 406, 413,414, 429 баптарының, ҚР Жер кодексінің 52, 53, 60, 61, 65 баптарының, ҚР Салық кодексінің 330 және 331 баптарының талаптары Тараптарға нотариуспен түсіндірілді.

13. Осы шарт «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ» Маңғыстау облысы бойынша филиалының Қарақия аудандық бөлімінде тіркелуге жатады.

14. Осы шарт үш данада жасалынды және оның біріншісі мен екіншісі шарт тараптарына беріледі, ал үшіншісі нотариат кеңсенің істерінде сақталады.

1. Зинулла Лаура Бердіғалиқызы _____

2. Отесов Ержан Жексенбайұлы _____

Екі мың жиырма бесінші жылдың тамыз айының он үші күні осы шарт Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 28.12.2012 жылы берілген № 12020016 лицензиясы негізінде әрекет ететін Маңғыстау аумақтық нотариаттық округінің Қарақия ауданының нотариусы Кунчигарова Айкенже Такиновна арқылы куәландырылды. Шартқа Тараптар менің қатысуыммен қол қойды. Шартқа қол қойған Тараптардың жеке басы анықталып, әрекет қабілеттілі, «Қарақия аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен оның өкілі ОТЕСОВ ЕРЖАН ЖЕКСЕНБАЙУЛЫның құқық қабілеттілігі мен өкілеттілігі және де иеліктен алынған Маңғыстау Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай а.о., **Жетібай ауылы, Аэропорт шағын ауданы, № 606 (алты жүз алты) мекен-жәйы бойынша орналасқан тұрғын үйдің**, ол орналасқан жер учаскесімен бірге қоса алғанда,«Сатушы»- аз. **ЗИНУЛЛА ЛАУРА БЕРДІҒАЛИҚЫЗЫна** тиесілі екендігі тексерілді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтардың туындауы, өзгеруі және тоқтатылуы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ» Маңғыстау облысы бойынша филиалының Қарақия бөлімінде мемлекеттік тіркелуге жатады.

Тізілімде тіркелді: № 2737

Өндірілді: ҚР Салық Кодексінің 611 бабына сәйкес және
ҚР «Нотариат туралы» Заңының 30-1 бабына сәйкес

НОТАРИУС

AH10037772508131501 10N869564

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия